

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және кәмелетке толмаған интернаттық ұйымдар түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 29 тамыздағы N 279/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қыркүйекте N 4001 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 2/1 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 05.01.2016 № 2/1 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 21-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-5), 5-6)-тармақшаларына сәйкес, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және кәмелетке толмаған интернаттық ұйымдар түлектерін әлеуметтік қорғау және оларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында, Лебяжі ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының квоталары:

қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар үшін меншік нысанына қарамастан жұмыс орындарының жалпы санынан екі пайыз;

бас бостандығанан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан екі пайыз;

интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. "Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыс берушілерге тиісті жолдамалар беру арқылы қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар мен интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектеріне квоталанатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер

жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*A. Құрманова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК